

Атырау қалалық Мәслихатының регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Атырау қалалық Мәслихатының 2003 жылғы 27 қыркүйектегі N 5 шешімі. Атырау облыстық әділет басқармасында 2003 жылғы 30 қазанда N 1688 тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Атырау қалалық мәслихатының 2008 жылғы 15 желтоқсандағы № 104а шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Атырау қалалық мәслихатының 15.12.2008 № 104а шешімімен.

Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 9 бабына сәйкес, Атырау қалалық Мәслихаты **шешім етеді:**

1. Атырау Қалалық Мәслихатының регламенті бекітілсін (жалғанды).
2. Мемлекеттік тіркеуден өткізу үшін облыстық әділет басқармасына тапсырылсын.

Қалалық Мәслихаттың

I сессиясының төрағасы

III - шақырылған қалалық
Мәслихаттың I сессиясының
N 5 шешіміне қосымша

Атырау қалалық Мәслихатының регламенті

1-бап. Атырау Қалалық Мәслихаты қала аумағындағы өкілді орган болып табылады, халықтың еркін білдіретін және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оны іске асыру үшін қажетті шараларды белгілейтін және олардың жүзеге асырылуын бақылайтын орган.

2-бап. Қалалық Мәслихат өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңын, Қазақстан Республикасының басқа да заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Парламентінің, Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулыларын, облыстық Мәслихаттың шешімдерін және осы регламентті б а с ш ы л ы қ қ а а л а д ы .

3-бап. Қалалық Мәслихат депутаттарының өкілеттігі - төрт жыл.

4-бап. Қалалық Мәслихаттың заңды тұлға құқығы болмайды.

5-бап. Қалалық Мәслихат қызметінің негізгі түрі сессия болып табылады, ол

сессияда Қазақстан Республикасы Заңдарына сәйкес өзінің қарауына жатқызылған мәселелерді шешеді.

6-бап. Жаңадан сайланған Мәслихаттың бірінші сессиясын осы Мәслихат үшін белгіленген депутаттар санының кемінде төрттен үші болған ретте, Мәслихат депутаттары тіркелген күннен бастап отыз күн мерзімнен кешіктірмей, тиісті аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы шақырады.

7-бап. Мәслихаттың кезекті сессиясы кемінде жылына төрт рет шақырылады және оны Мәслихат сессиясының төрағасы жүргізеді. Мәслихаттың кезектен тыс сессиясын осы Мәслихатқа сайланған депутаттар санының кемінде үштен бірінің, сондай-ақ әкімінің ұсынысы бойынша Мәслихат сессиясының төрағасы шақырады және жүргізеді. Кезектен тыс сессия оны өткізу туралы шешім қабылданған күннен бастап бес күн мерзімнен кешіктірілмей шақырылады.

8-бап. Мәслихат хатшысы Мәслихат сессиясын шақыру уақыты мен өткізілетін орны туралы, сондай-ақ сессияның қарауына енгізілетін мәселелер туралы депутаттарға, халыққа және әкімге сессияға кемінде он күн қалғанда, ал кезектен тыс сессия шақырылған жағдайда кемінде үш күн бұрын хабарлайды.

9-бап. Егер қалалық Мәслихат депутаттары жалпы санының кемінде үштен екісі Мәслихат сессиясына қатысса, ол заңды болады.

10-бап. Мәслихаттың бірінші сессиясын қалалық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы ашады және Мәслихат сессиясының төрағасы сайланғанға дейін жүргізеді. Одан әрі Мәслихат сессиясын Мәслихат сессиясының төрағасы жүргізеді.

11-бап. Сессия жұмысында Мәслихат шешімі бойынша Мәслихат белгілеген он бес күнтізбелік күннен аспайтын мерзімге үзіліс жасалуы мүмкін.

12-бап. Мәслихат сессиялары, әдетте, ашық сипатта болады. Мәслихат сессиясы төрағасының немесе Мәслихат сессиясына қатысып отырған депутаттар санының үштен бірінің ұсынысы бойынша қабылданатын Мәслихат шешімімен, егер қатысып отырған депутаттардың жалпы санының көпшілігі осы үшін дауыс берсе, жабық сессиялар өткізуге жол беріледі.

13-бап. Мәслихат өз өкілеттігі мерзіміне тұрақты комиссиялар құрады. Олардың саны жетеуден аспауға тиіс. Қажет болған жағдайда, Мәслихат тұрақты комиссияларды жаңадан құрып, таратып және қайта ұйымдастыра алады. Тұрақты комиссиялардың төрағалары мен мүшелері өз депутаттары арасынан қалалық Мәслихатпен сайланады.

14-бап. Тұрақты комиссиялар өз бастамасы бойынша немесе Мәслихат шешімі бойынша көпшілік тыңдаулар өткізе алады.

15-бап. Тұрақты комиссиялардың отырысы қажеттілігіне қарай шақырылады және егер отырысқа олардың құрамына кіретін депутаттар санының жартысынан астамы қатысса, заңды болып есептеледі. Тұрақты комиссиялардың қаулысы

комиссия мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады.

16-бап. Мәслихат жергілікті бюджеттің атқарылуын бақылау үшін өз өкілеттігі мерзіміне тексеру комиссиясын сайлайды. Тексеру комиссиясының төрағасын Мәслихат депутаттар арасынан сайлайды. Қалалық Мәслихаттың тексеру комиссиясының төрағасы өз қызметін басқа жұмыстан босатылған негізде жүзеге асырады. Тексеру комиссиясының жұмысына Мәслихат депутаты емес адамдар да шарт негізінде тартылуы мүмкін.

17-бап. Мәслихат сессиясының төрағасы ашық дауыс беру арқылы Мәслихат депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен сайланады. Мәслихаттың кезекті сессиясының төрағасы Мәслихаттың алдындағы сессиясында сайланады. Сессияның төрағасы болмаған жағдайда оның өкілеттігін Мәслихат хатшысы жүзеге асырады. Мәслихат депутаты Мәслихат сессиясының төрағасы болып жыл ішінде екі реттен артық сайлана алмайды.

18-бап. Мәслихат хатшысы лауазымына кандидатуралар Мәслихат депутаттарымен, депутаттар тобының, тұрақты комиссиялар атынан, сондай-ақ сессияға қатысушы депутаттар ішінен өзін-өзі ұсыну жолы арқылы түскен үміткерлер, Мәслихат сессиясында ұсынылады.

19-бап. Қалалық Мәслихат хатшысы өз міндетін дұрыс атқармаса не болмаса жұмысында қателіктер жіберсе, қалалық Мәслихат жиналысының сессиясында жасырын дауыс беру арқылы, сайланған депутаттардың үштен екі бөлігі дауыс берсе, хатшылық міндетінен босатылады.

20-бап. Қалалық Мәслихаттың өз өкілеттігін ерікті түрде доғаруы, оның өтініші бойынша жүзеге асырылады.

21-бап. Мәслихат депутаты жалпы мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, Атырау қаласы халқының еркін білдіреді. Мәслихат депутаттарының өкілеттігі қалалық аумақтық сайлау комиссиясы оны депутат ретінде тіркеген кезден басталып, Мәслихат өкілеттігі тоқтатылған кезден бастап тоқтайды.

22-бап. Қалалық Мәслихат депутаты Мәслихаттың және өзі құрамына сайланған оның органының жұмысына қатысуға тиісті.

23-бап. Қалалық Мәслихат депутаты өз округі сайлаушыларымен тұрақты байланыс жасауға, оларға Мәслихаттың жұмысы, оның тұрақты комиссиялары мен өзге де органдарының қызметі, мәслихат шешімдерінің орындалуы туралы ұдайы хабарлап отыруға, Мәслихат шешімдерінің орындалуын ұйымдастыруға және бақылау жасауға қатысуға, сайлаушылардың өзіне келіп түскен өтініштерін қарауға, азаматтарды жеке қабылдауды ұдайы жүргізуге міндетті.

24-бап. Мәслихаттың әрбір депутатына өкілеттіктерін кедергісіз және тиімді жүзеге асыру үшін жағдай жасалуына, оның құқықтарын, қадір-қасиеті мен ар-ожданын қорғауға кепілдік беріледі.

25-бап. Қалалық Мәслихат шешімдер қабылдайды. Сессия төрағасы

Мәслихаттың сессиясын шақыру туралы шешім қабылдайды. Қалалық Мәслихат хатшысы әкімдер шығарады. Қалалық Мәслихат тұрақты комиссиялары қаулылар қабылдайды. Қалалық Мәслихат тексеру комиссиясы тексеру құжаттарын толықтырады.

26-бап. Мәслихаттың өз құзыреті шегінде және азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты қабылдаған шешімдері заңдарда белгіленген тәртіпте ресми жариялануға жатады және ол тиісті аумақта орындалуға міндетті.

27-бап. Мәслихат аппараты қалалық Мәслихат пен оның органдарын ұйымдастырушылық, құқықтық, материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асырады, депутаттарға өздерінің өкілеттігін жүзеге асыруға көмек көрсетеді.

28-бап. Қалалық Мәслихаттың өкілеттілігі белгіленген тәртіп пен заңдылықтар негізінде, сондай-ақ өзін-өзі тарату жөнінде шешім қабылдаған жағдайда Қазақстан Республикасы Бас прокурорының ұсынуы бойынша, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатымен мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

29-бап. Қазақстан Республикасының тұрақты регламенті қаралмаса, Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" заңын, басқа да заңды құжаттарды басшылыққа алады.